



№39 (8191)

2 қазан
БЕЙСЕНЫ,
2025 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



www.facebook.com/kenzhylol
ken_jylol_gazeti

* 5 қазан - Мұғалім күні

*Ғалым да, шахтер де бас иетін,
Ұстазым, бар сенің қасиетің...*

ҚҰРМЕТТІ МҰҒАЛІМДЕР ҚАУЫМЫ! ҚАДІРЛІ БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз — Мұғалім күнімен
шын жүректен құттықтаймын!

Ұрпаққа білім нәрін дарытып, өмірлік бағыт-
бағдар беретін ұстазға деген халық құрметі
қаманда айрықта. Өйткені қоғамның ең үлкен
байлығы — адам, ал адамның тұңға болып
қалыптасуына ықпал ететін де — ұстаз. Дана
Абай айтқандай, «адамның адаштылығы —
жақсы ұстазdan».

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден
балаға» дегендей, ұстаздық — Ұлы да мәртебелі
мамандық. Себебі мұғалім жас ұрпақты ғана
емес, тұңғас қоғамның болашағын тәрбиелейді.

Қазіргі заманда білімді ұлт қана заман та-
лантарына жауап беріп, бәсекеге қабілетті бала
алады. Сондықтан білім беру саласы — елдің
болашағын айқындайтын аса маңызды бағыт.

ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!

Білім жүйесінің тірегі де, жүрегі де —
сіздер. Сондықтан еліміздің келешегі сіздердің
қолдарыңызда! Тәуелсіз еліміздің қамуына
қосып келе жатқан еңбектеріңіз үшін шынайы
ризалылығымды білдіремін.

Мәкірттеріңіз білімді, өнерлі, отансүйгіш
болып өссін!

Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр,
жемісті еңбектер тілеймін!



С. КОШКОВА

Суретте: №19 жалпы орта білім беретін мектептің қазақ
тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бүлбүл Нұрбергенова

Ізгі ниетпен, аудан әкімі Ж.ҚАРАЖАНОВ

* Қарттар күні

АРДАҚТЫ АРДАГЕРЛЕР! ҚАДІРЛІ АҒА БУЫН ӨКІЛДЕРІ!

Сіздерді 1 қазан — Халықаралық қарттар күні
мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Біз қашанда «Үлкенге — құрмет, кішіге — ізет» де-
ген ата-баба өсиетін ұрпақ санасына сіңіріп өскен,
қариясын қазына, ардагерін абырой тұтқан елміз.

Ардагерлер — ел тарихының тірі шежіресі, асыл
қазынасы. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен
ақыл-кеңестеріңіз — өскелең ұрпақ үшін баға жет-
пес мектеп. Сондықтан да халқымыз ұрпақтар
сабақтастығына ерекше мән беріп, үлкеннің
өнегесін әрқашан үлгі тұтқан.

«Ата қайратты болса, бала гибратты болады»
деген дана сөз тегін айтылмаған. Сіздер өмірлік
сабырлық пен қарапайымдылықтың, парасат
пен мейірімнің шынайы үлгісін көрсете отырып,
біздерді еңбексүйгіштікке, Отан мен отбасына
адал болуға, абыройды ардақтауға тәрбиелеп
келесіздер.

ҚАДІРЛІ АҒАЛАР, АРДАҚТЫ АНАЛАР!

Сіздердің әрбір еңбектеріңіз — ел дамуының
іргетасы, әрбір өмір жолдарыңыз — кейінгі буынға
өнеге.

Осы мерейлі мерекеде Сіздерге зор денсаулық,
ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға амандық пен бақ-
береке тілеймін!



* Мәдениет

Жылыой өнерпаздары — Доссор сахнасында

Өнер — халықтың жүрегіін
жақындастырып,
бауырмалдықты артты-
ратын киелі күш. Биыл
қыркүйек айы бойы Аты-
рау облысына қарасты
барлық аудандар
бір-біріне мәдени са-
пар жасап, концерттік
бағдарламаларын
ұсытуда. Мақсат —
тәжірибе алмасу,
өртiстердің өнерін насихат-
тау, өңірлер арасындағы
шығармашылық байланы-
сты нығайту. Сол ауқымды
жобаның жалғасы ретінде
Жылыойдың өнерпаздары
Мақат ауданы, Доссор
кентіне ат басын тіреп,
жергілікті көрерменге әсем
ән мен сырлы күйден, мың
бұралған би мен сахналық
қойылымдардан тұратын
тағылымды кеш сыйлады.

Жылыойлық өнерпаздарды
доссорлықтар әсем әнмен қарсы
алып, Доссор мәдениет үйінің
жұмысымен таныстырды. Екі
аудан өнерпаздары арасында
тәжірибе алмасып, сұхбаттасу өтті.
Бұл жүздесу — шығармашылық
ортадағы байланысты одан әрі
тереңдеткен маңызды қадам болды.
Алаңдағы сахнаның шымылдығы
сәзгер Ілия Жақановтың «Құлсары»
әнімен ашылды. Өнді жылыойлық
өнерпаз Айбек Қабыланбек ша-
бытпен орындап, көрерменнің
ыстық ықыласына бөленді.
Кейіннен Дәмелі Сарова Фариза
Оңғарсынованың сөзіне жазылған



Айткали Жайымовтың «Жылыойға
сәлем» әнін орындап, Жылыойдың
сәлемін Доссор жұртшылығына
арнады.

Кештің көрігін Қайрат Жұмғалиев
бастаған күйшілер қыздырып, күй
тартысын ұсынды. Домбыраның
күмбірі сахна төрін думанға бөлеп,
көрерменді ерекше әсерге бөледі.
Сонымен қатар «Жем аруы»
халықтық би ансамблі мен «Би Би»
үлгілі би ансамблі ұсынған ұлттық
билер де көпшіліктің көңілінен
шықты.

Ауданның танымал өнерпаздары
мен жас таланттары орындаған
эстрадалық, авторлық және зама-
науи әндер кештің мазмұнын байы-
тып, сахнаны әрлендірді. Концерт
«Жылыойым — жырдың мекені»
әнімен түйінделіп, Жылыойдың
өнерге бай өңір екенін тағы бір
дәлелдеді.

Кеш соңында Мақат ауданы

әкімінің орынбасары сөз сөйлеп,
жылыойлық өнерпаздарға
ризалылығын білдіріп, алғыс
хат пен гүл шоқтарын табыс етті.
Ал «Кен Жылыой» мәдениет
үйінің басшы орынбасары сый
ретінде қылқалам шебері Ләззат
Мамырованың «Қарашүңгіл» атты
туындысын тарту етті.

Бұл концерт тек өнер мерекесі
ғана емес, қос аудан арасындағы
рухани байланыстың бастауы бол-
ды. Ән мен күй, би мен өнердің
тоғысқан осы кеші жүректерді
жақындатып, елді бірлікке
шақырды.

Қыркүйек бойы жалғасқан осын-
дай мәдени алмасулар — атыраулық
өнерпаздардың шеберлігін шыңдап
қана қоймай, әр ауданның өнерін
кеңінен насихаттап, ел руханиятын
байыта түсуде.

Өз тілшіміз

26

ҚАЗАН

ОКТАБР

2025

ӨЗ ТАНДАУЫҢДЫ ЖАСА!
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН
ДЕПУТАТЫНЫҢ ОРНЫНА

САЙЛАУ

ВЫБОРЫ

ДЕПУТАТА ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОННОГО
МАСЛИХАТА ВМЕСТО ВЫБЫВШЕГО

Бүгінгі санда:

Кітап оқуға не кедергі?

4-БЕТ

Екпе асқынулардан
сақтайды

6-БЕТ